

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының Активтері

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
Қаржылық Есептілік және
Тәуелсіз Аудитор Есебі

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Мазмұны

Беті

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік жөніндегі басшылық мәлімдемесі	1
Тәуелсіз аудитор есебі	2-4
2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілік:	
Пайда мен шығындар туралы есеп	5
Таза зейнетақы активтері туралы есеп	6
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	7
Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп	8
Қаржылық есептілікке ескертулер	9-41

«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының Активтері

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікті дайындау және бекіту үшін жауапкершілік жөніндегі басшылық мәлімдемесі

«Бірыңгай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қор») басшылығы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қауысымен бекітілген «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» қаржылық есептіліктің стандартына (бұдан әрі – «ҚЕС») сәйкес зейнетақы активтерінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы қаржылық жағдайын, сол күні аяқталған жыл іші қызмет нәтижелері, ақша қаржатының қозғалысы мен таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер шынайы көрсететін қаржылық есептілікті дайындауға жауапты. ҚЕС зейнетақы активтерінің қаржылық есептілігін есепке алу мен дайындауға қойылатын белгілі бір талаптарды белгілейді және ҚЕС реттемейтін мәселелер үшін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының (бұдан әрі – «ХҚЕС») қолданылатынын көздейді. Қаржылық есептілікті жасаған кезде есеп беретін үйим ретінде Қор ХҚЕС (IAS) 26 «Зейнетақы бағдарламалары бойынша есепке алу және есептілікке» сәйкес зейнетақы активтері бойынша «зейнетақы схемасының активтері» (бұдан әрі – «Схема») үғымын пайдаланады.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық:

- есеп саясаты қағидаларын дұрыс таңдау және қолдануды қамтамасыз етуге;
- ақпаратты, соның ішінде есеп саясаты туралы деректерді мұндай ақпараттың орындылығын, нақтылығын, салыстырымдылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысандада беруге;
- пайдаланушыларға есептілікті түсіну үшін ҚЕС талаптарының орындалуы жеткіліксіз болғанда, сол немесе басқа мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Схеманың қаржылық жағдайы мен қаржылық нәтижелеріне әсер еткен жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға; және
- Схеманың өз қызметін келешекте жалғастыру қабілетін бағалауға жауапты.

Басшылық сонымен қатар:

- Схемадағы ішкі бақылаудың сенімді және тиімді жүйесінің қызметін әзірлеуге, енгізуғе және қолдауға;
- Схеманың қаржылық жағдайы туралы ақпаратты кез келген уақытта жеткілікті деңгейдегі дәлдікпен дайындауға және қаржылық есептіліктің ҚЕС талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін бухгалтерлік есеп жүйесін қолдауға;
- бухгалтерлік есепті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізуғе;
- Схема активтерін сақтауды қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық шараларды қолдануға; және
- алайқтық және басқа да асыра пайдалану фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты.

Осы 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші Схеманың қаржылық есептілігін шығаруға Қор басшылығы 2020 жылғы 16 наурызда бекітті.

Басшылық атынан:



Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы


Саринова Аманкул Жаксылышковна
Бас бухгалтер

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОР ЕСЕБІ

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының Акционеріне

Пікір

Біз 2019 жылғы 31 желтоқсандағы таза зейнетақы активтері туралы есептен, сол күні аяқталған жыл іші пайды мен шығын туралы, ақша қарожатының қозғалысы туралы және таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есептерден, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке ескертүлерден тұратын «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының (бұдан әрі «Қор») Зейнетақы схемасы активтерінің (бұдан әрі - «Схема») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса берілген қаржылық есептілік 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Схеманың қаржылық жағдайын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі № 195 қаулысымен бекітілген «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және жария ету» қаржылық есептіліктің стандартына (бұдан әрі - «КЕС») сәйкес 2019 жыл іші оның қаржылық жағдайын барлық елеулі аспектілерінде шынайы көрсетеді.

Пікір Білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Бұл стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз қорытындымыздың «Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жаупкершілігі» белгіленген. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдел стандарттары бойынша кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдел кодексіне сәйкес және Қазақстан Республикасында қаржылық есептіліктің аудитіне қолданылатын әдел талаптарына сәйкес Қорға қатысты тәуелсізбіз. Сонымен қатар, біз осы талаптармен және Кодекспен белгіленген өзге де әдел міндеттемелерін орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдемелер пікірімізді білдіруге негіз болатында жеткілікті әрі тиісті болып табылады деп есептейміз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жаупкершілігі

Басшылық осы қаржылық есептілікті ҚЕС стандарттарына сәйкес дайындауға және тиісті түрде ұсынуға, және басшылықтың теріс әрекет немесе қателесу салдарынан елеулі бұрмалаушылық орын алмаған қаржылық есептілігін дайындауға қажет деп есептейтін ішкі бақылау жүйесін құруға жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау барысында басшылық Схеманың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетін бағалауға, қызмет үздіксіздігіне байланысты деректерді тиісті жағдайларда ашып көрсетуге және қызмет үздіксіздігі жорамалы негізінде есептілікті дайындауға жауапты, алайда басшылық Схеманы таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттengen жағдайларды, немесе басшылықтың оны таратуға немесе қызметін тоқтатуға баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда.

Корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалар Схеманың қаржылық есептілігін дайындауды бақылау үшін жауапты.

Қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізді қосатын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында мүмкін елеулі бұрмалаушылықтардың анықталуына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесі болуы мүмкін және егер олардың қаржылық есептілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алатыны негізді түрде болжанса, елеулі болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмау тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер әзірлеу мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылауларды зерделейміз, бірақ Схеманың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының зандылығы – туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Схеманың үздіксіз қызмет жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық есебімізде қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаган болса, пікірімізді модификациялаймыз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық есептің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Схеманың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілеттігінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, оларды аудиттің жоспарланған қолемі мен мерзімі, сондай-ақ аудит барысында анықталған елеулі мәселелер, оның ішінде ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы хабардар етеміз.

«Делойт» ЖШС
Қазақстан Республикасында
аудиторлық қызметпен айналысуга
№0000015 мемлекеттік лицензия,
МФЮ – 2 түрі, Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
2006 жылғы 13 қыркүйекте берген

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы


Нұрлан Бекенов
Тапсырма бойынша серіктес
Қазақстан Республикасының
білікті аудиторы
1994 жылғы 13 маусымдағы
№ 0082 біліктілік күйелігі
«Делойт» ЖШС
Бас директоры


«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
пайда мен шығындар туралы есеп
(Қазақстандық мың теңгемен)

Ескерту	2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Пайыздық кіріс	4, 22	648,865,833
Дивидендтік кіріс	5, 22	19,198,440
Қаржы активтерімен операциялар бойынша таза пайда	6	23,433,149
Шетелдік валютамен операциялар бойынша таза (шығын)/пайда	7	(7,114,453)
Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша таза пайда	15	12,941,942
Қаржы активтерінің құнсыздандынуна бұрын есептен шығарылған резервтерді қалпына келтіруден пайда		1,549,301
Қаржы активтерінің құнсыздандынуынан шығын	8	-
Басқа кіріс		892,874
Кірістің барлығы		699,767,086
Комиссиялық шығыстар	9, 22	(58,010,578)
Жыл ішіндегі таза пайда		641,756,508
		977,179,686
		917,103,006

Басшылық атынан:



Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы

9-41 беттердегі ескерутеге осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Саринова Аманкул Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

**2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша
таза зейнетақы активтері туралы есеп
(Қазақстандық мың теңгемен)**

	Ескерту	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
Ақса қаражаты және оның баламалары	10, 22	521,573,950	133,804,275
Банктердегі салымдар	11,22	721,328,727	774,879,787
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы активтері	12, 22	1,709,218,198	4,329,315,478
Туынды қаржы активтері	13	19,073,193	-
Амортизацияланған құны бойынша ескерілген қаржы активтері	14, 22	7,613,312,795	4,218,832,491
Шетелдік үйімдардың инвестициялық басқаруындағы активтер	15	211,885,192	82,797,250
Басқа активтер	16	13,489,559	15,230,546
Активтер жиыны		10,809,881,614	9,554,859,827
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Комиссия бойынша кредиторлық берешек	22	5,227,942	6,729,407
Зейнетақы төлемдері бойынша алушылардың талаптары		2,275,305	85,276
Зейнетақы төлемдерінен жеке табыс салығы бойынша кредиторлық берешек		1,154,950	679,995
Туынды қаржы міндеттемелері	13	675,371	-
Жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелер	17,22	-	169,713,946
Басқа міндеттемелер		8,652	9,036
Міндеттемелер жиыны		9,342,220	177,217,660
Таза зейнетақы активтері		10,800,539,394	9,377,642,167

Басшылық атынан:



Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы

9-41 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Саринова Аманкул Жаксылышкова
Бас бухгалтер

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші ақша қарожатының қозғалысы туралы есеп
(Қазақстандық мың теңгемен)**

	2019 жылғы 31 желтоқсанда	2018 жылғы 31 желтоқсанда
	аяқталған жыл	аяқталған жыл
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер	1,422,897,227	1,596,904,228
<i>Түзетулер:</i>		
Пайыздық кіріс	(648,865,833)	(544,377,044)
Дивидендтік кіріс	(19,198,440)	(10,497,413)
Қаржы активтерімен жасалған операциялардан таза пайда	(23,433,149)	(38,770,101)
Шетелдік үйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша таза пайда	7,114,453	(388,816,508)
Шетелдік үйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша таза пайда	(12,941,942)	(12,276,250)
Қаржы активтерінің құнсыздандынуна бұрын есептен шығарылған резервтерді қалпына келтіруден пайда	(1,549,301)	-
Қаржы активтерінің құнсыздандынунаң шығын	-	18,482,244
Операциялық активтер мен міндеттемелдердегі өзгерістер		
Басқа активтердің үлғаюы	(589,617)	(330,905)
Комиссия бойынша кредиторлық берешектің (азауы)/үлғаюы	(1,501,465)	4,897,974
Зейнетақы төлемдері бойынша алушылар талаптарының үлғаюы/(азауы)	2,189,960	(687,538)
Зейнетақы төлемдерінен жеке табыс салығы бойынша кредиторлық берешектің үлғаюы/(азауы)	474,955	(304,542)
Басқа міндеттемелдердің (азауы)/үлғаюы	(443)	3,663
Операциялық қызметте қолданылған ақша қарожаты ағындары	724,596,405	624,227,808
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Алынған пайыздар	559,932,314	472,240,165
Алынған дивидендтер	17,440,098	10,888,261
Банктік салымдардан түсken түсімдер	44,714,718,155	15,677,988,689
Банктік салымдарды орналастыру	(44,662,997,172)	(15,784,432,626)
Кері «репо» мәмілелерінен түсімдер	268,786,388	6,513,019,846
Кері «репо» мәмілелерін сатып алу	(268,861,667)	(6,499,292,359)
Пайда немесе шығын арқылы көрінетін әділ құны бойынша қаржы активтерін сату және өтөу	8,311,797,079	18,650,866,589
Пайда немесе шығын арқылы көрінетін әділ құны бойынша қаржы активтерін сатып алу	(8,978,824,180)	(18,165,574,331)
Туынды қаржы құралдарынан түсімдер	1,403,107	5,221,108
Амортизацияланған құны бойынша ескерілген қаржылық активтерді сату және өтөу	584,161,046	333,548,605
Амортизацияланған құны бойынша ескерілген қаржылық активтерді сатып алу	(766,146,032)	(1,671,341,542)
Активтерді шетелдік үйымдардың инвестициялық басқаруына орналастыру	(116,146,000)	(70,521,000)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қарожатының жылыстауы	(334,736,864)	(527,388,595)
Ақша қарожатының және оның баламаларының таза үлғаюы	389,859,541	96,839,213
Жыл басындағы ақша қарожаты және оның баламалары (10-ескерту)	133,804,275	30,390,232
Валюта бағамдары өзгерісінің ақша қарожаты мен оның баламаларының шамасына әсері	(2,089,866)	6,574,830
Жыл соңындағы ақша қарожаты және оның баламалары (10-ескерту)	521,573,950	133,804,275

2019 жылғы және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Схема алған пайыздар мен дивидендтер сомасы тиісінше 577,372,412 мың теңгені және 483,128,426 мың теңгені құрады.

2019 жыл ішінде ҚЕС-ке сәйкес Схема қаржы активтерін «амортизацияланған құны бойынша» санатынан «әділ құны бойынша» санатына және «әділ құны бойынша» санатынан «амортизацияланған құны бойынша» санатына қайта жіктелді. Қайта жіктеу әсері 12-ескертуде ашылды.

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы

9-41 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Саринова Аманкул Жаксылыковна
Бас бухгалтер

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы



«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер туралы есеп
(Қазақстандық мың теңгемен)

	2019 жылғы 31 желтоқсанда Ескерту	2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл
Бір жылғы таза пайда	641,756,508	917,103,006
Салымшылар жарналары	18 991,331,093	848,439,707
Зейнетақы жинақтарының төлемдері	19 (210,190,374)	(168,638,485)
Таза зейнетақы активтеріндегі өзгерістер	1,422,897,227	1,596,904,228
Жыл басындағы таза зейнетақы активтері	9,377,642,167	7,780,737,939
Жыл соңындағы таза зейнетақы активтері	10,800,539,394	9,377,642,167

Басшылық атынан:

Курманов Жанат Бостанович
Басқарма Төрағасы

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы



Саринова Аманкул Жаксылышкова
Бас бухгалтер

2020 жылғы 16 наурыз
Алматы қаласы

9-41 беттердегі ескертулер осы қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертүлер
(Қазақстандық мың теңгемен)**

1. Ұйым

Бұл қаржылық есептілік (IAS) 26 «Зейнетақы бағдарламалары бойынша есепке алу және есептілік» Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі – «ХКЕС») сай есеп беретін ұйым ретінде зейнетақы схемасының (бұдан әрі – «Схема») активтерін көрсетеді, Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасымен реттеледі, зейнетақы жарналары шоғырланатын және зейнетақы тәлемдерін жасауды қамтамасыз ететін белгіленген мөлшердегі жарналарымен зейнетақы схемасын білдіреді.

2013 жылғы 21 маусымда «Қазақстан Республикасындағы зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы заңының (бұдан әрі – «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң») жаңа редакциясы қабылданды. Зейнетақымен қамсыздандыру заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасындағы барлық міндettі зейнетақы және міндettі кәсіптік зейнетақы және ерікті жарналарын тартумен Қор айналысы туіс.

Қор – коммерциялық емес ұйым. Қордың жалғыз акционері – «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ (бұдан әрі – «ММЖК») арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңға және 2013 жылғы 26 тамыздағы №362 Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі – «ҚРҰБ») жасалған зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару бойынша қызмет туралы шартқа сәйкес зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды ҚРҰБ (бұдан әрі – «Сенімгерлік басқарушы») жүзеге асырады.

ҚРҰБ зейнетақы активтеріне қатысты сенімгерлік басқаруды ҚРҰБ Басқармасының 2016 жылғы 17 наурыздағы №86 қаулысымен бекітілген Инвестициялық декларацияға және ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 28 тамыздағы № 165, 2018 жылғы 28 желтоқсандағы №326, 2019 жылғы 13 тамыздағы №135 қаулыларымен бекітілген енгізілген өзгерістерге сәйкес жүзеге асырады. Инвестициялық декларация Қазақстан Республикасы Президенті басқаратын Қазақстан Республикасының Ұлттық Қорын басқару бойынша кеңестің ұсыныстарын ескере отырып инвестициялық нысандар тізімін, Схеманың инвестициялық қызметі бойынша мақсат, стратегиялар және шектеулерді, зейнетақы Схемасының активтерін хеджирлеу және түрлендіру талаптарын регламенттейді.

Сонымен қатар ҚРҰБ өзіне сеніп тапсырылған зейнетақы Схемасының активтерін басқаруға қажет іс-әрекетті инвестициялық басқару шартына сәйкес басқа тұлғаға тапсыра алады.

Міндettі зейнетақы жарналарын Қазақстан Республикасының барлық жұмыс берушісі қызметкердің пайдасына қызметкер табысынан 10 % мөлшерінде салады, бірақ «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен тиісті қаржы жылына белгіленген ең аз енбекақы мөлшерінің 10 %-ынан аз болмауы туіс. 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап жеке кәсіпкер ретінде тіркелмей кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын, өз-өзін жұмыспен қамтыған азаматтар үшін салық түзімінің жаңа түрі – бірыңғай жиынтық төлем (БЖТ) енгізілді, оның 30%-ы міндettі зейнетақы жарналары түрінде жеке зейнетақы шотының есебіне жазылады. Жеке және заңды тұлғалар да қосымша ерікті жарналар сала алады.

Міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын жұмыс беруші енбек жағдайы зиянды жұмыспен айналысатын қызметкерлердің пайдасына өзінің меншікті қаражаты есебінен қызметкердің ай сайынғы табысынан 5 % мөлшерінде салады.

«Бірыңғай жинақтауышы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)**

Қазақстанның зейнетақымен қамсыздандыруы ортақ және базалық құрамдауыштан, міндетті жинақтауыш және ерікті жинақтауыш құрамдауыштардан тұратын көпденгейлі жүйені білдіреді. Ортақ құрамдауыш 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі болған кезде есептеледі және базалық құрамдауышқа Қазақстан Республикасының мемлекеті кепілдік береді және оны «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ (бұдан әрі – «МК») төлейді. Құнсыздандыруға қарай түзетілген зейнетақының міндетті жинақтауыш құрамдауышына да мемлекет кепілдік береді. Осылайша, Схемадан зейнетақы төлемдеріне құқық туындаған сәтте зейнетақы жинақтарының сомасы құнсыздандыру деңгейін ескергенде нақты салынған зейнетақы жарналарының мөлшерінен аз болса, мемлекет айырмашылықтың орнын толтыруға кепілдік береді.

Әрбір салымшының жеке зейнетақы шоты бар, онда салымшының түсетін зейнетақы жарналарының сомасы және ұсталатын комиссиялық сыйақы шегерілген зейнетақы активтерін басқарудан түсіп, бөлінетін инвестициялық табыс есепке алынады. Есептелетін инвестициялық табыс пен ұсталатын комиссиялық сыйақы сомасы Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасына сәйкес анықталады. Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңда белгіленген жағдайлар орын алған кезде салымшының зейнетақы төлемдерін өзінің жеке зейнетақы шотындағы зейнетақы жинақтарының сомасы шегінде, бірақ зейнетақы заңнамасында анықталған жыл сайынғы шектен асырмай алуға құқығы бар.

Салымшы зейнет жасына толғанда, Схемадан зейнетақы жинақтарының төлемдері тиісті жылға зейнетақы заңнамасымен белгіленетін төлемнің жыл сайынғы сомасының лимиті шегінде кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

Салымшы қайтыс болған жағдайда немесе салымшы Қазақстан Республикасының аумағынан тысқары тұрақты тұруға кеткен кезде салымшының (қайтыс болған жағдайда, мұрагердің) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын алуға құқығы бар.

Салымшы зейнетақы заңнамасына сәйкес зейнет жасына толған кезде және жеке зейнетақы шотында зейнетақы жинақтары жеткілікті болса, ол өз қалауына орай зейнетақы жинақтарын зейнетақы аннуитеті шартының негізінде сақтандыру үйімінде аудара алады.

2. Есеп саясатының негізгі қағидаттары

Дайындық негіздері

Бұл қаржылық есептілік Схеманың өз қызметін болашақта жалғастырады деген жорамалға қарай дайындалды.

Сәйкестік туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 26 шілдедегі №195 қаулысымен бекітілген «Зейнетақы активтері бойынша операциялар туралы ақпаратты есепке алу және ашу» қаржылық есептілік стандартына (бұдан әрі – «КЕС») сәйкес дайындалды. КЕС Схеманың қаржылық есептілігін есепке алуға және дайындаға қойылатын белгілі бір талаптарды белгілейді және Халықаралық қаржылық есептілік стандартының (бұдан әрі – «ХКЕС») КЕС реттемейтін мәсслелер үшін қолданылатын көздейді. Атап айтқанда, КЕС зейнетақы активтерін бухгалтерлік есепке алу, қаржы құралдарын бастапқы тану мен кейіннен есепке алу, қайта топтастыру мен қаржы активтерін тануды тоқтату, амортизацияланған құны бойынша есептелетін қаржы активтерінің құнсыздандыру бойынша нормаларды белгілейді және негіздейді, сонымен қатар пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қаржы құралдарының әділ құнын белгілейді.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)**

Осы қаржылық есептілік егер басқасы көрсетілмеген болса, қазақстандық мың теңгеде (бұдан әрі – «мың теңге») берілді.

Осы қаржылық есептілік тәменде түсініктеме берілетін, әрбір есепті күнге амортизацияланған немесе әділ құн бойынша есептелетін қаржы құралдарын қоспағанда, қаржылық құралдарды есепке қою құны немесе сатып алу құны бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

Функционалдық валюта

Схеманың қаржылық есептілігіне енгізілген балтар Схеманың жұмыс істейтін («функционалдық валюта») бастапқы экономикалық орта валютасында өлшенеді.

Схеманың осы қаржылық есептілігіндегі валюта – қазақстандық теңге («теңге»). Барлық мәндер, егер басқа көрсетілмеген болса, бүтін мың теңгеге дөңгелектенген.

Есептік саясаттың бұдан әрі сипатталған ережелері Схеманың осы қаржылық есептілігінде берілген барлық есепті кезеңдерде жүйелі қолданылды.

Шетелдік валютадағы операциялар

Схеманың қаржылық есептілігін дайындау кезінде функционалдық валютадан ерекшеленетін валюталардағы операциялар («шетелдік валюта») операция күніндегі айырбастау бағамы бойынша көрсетіледі. Есепті күнгі жағдай бойынша шетелдік валютамен көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күні қолданылған айырбастау бағамы бойынша қолданыстағы валютаға аударылады. Шетелдік валютамен көрсетілген ақша активтерімен және міндеттемелермен жасалған операциялардан түсken пайда немесе шығын кезең басындағы жағдай бойынша қолданыстағы валютадағы тиімді мөлшерлеме бойынша есептелген пайыздардың шамасына түзетілген амортизациялық құн және кезең ішіндегі төлемдер мен есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша айырбастау бағамы мен қолданыстағы валютаға аударылған шетел валютасындағы амортизациялық құн арасындағы айырманы білдіреді. Шетелдік валютамен көрсетілген, әділ құны бойынша бағаланатын ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды айқындау күнгі қолданылған айырбастау бағамдары бойынша қолданыстағы валютаға аударылады. Әділ құны бойынша бағаланатын шетелдік валютада көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнын анықтау күніне қолданылған валюта бағамы бойынша қолданыстағы валютаға аударылады. Шетелдік валютада көрсетілген және нақты шығын бойынша көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер операция жасау күнгі қолданылған айырбастау бағамы бойынша қолданыстағы валютаға аударылады. Шетелдік валютадаға ауыстыру нәтижесінде туындаитын бағамдық айырмашылықтар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

Схема осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланған айырбастау бағамдары мынадай:

	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
1 АҚШ доллары	382.59	384.20
1 Ресей рублі	6.16	5.52
1 Фунт Стерлинг	503.41	488.13
1 Жапон йенасы	3.52	3.48
1 Евро	429	439.37

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)
(Казакстандық мың теңгемен)

Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты және оның баламаларына ҚРҰБ-дағы ақша қаражаты кіреді.

Қаржы құралдары

Жіктеу

ҚЕС-ке сәйкес Схеманың қаржы активтері:

- 1) амортизациялық құн бойынша бағаланатын;
- 2) әділ құны бойынша бағаланатын санаттар бойынша жіктеледі.

Қордың қаржы активтерін ҚЕС-пен көзделген екі санаттардың біріне жатқызу
2014 жылғы 26 ақпандагы № 24 ҚРҰБ Басқармасының қаулысымен бекітілген «Зейнетақы активтерін есепке алу және бағалау қағидасына» (бұдан әрі – «Бағалау қағидасы») сәйкес жүзеге асырылады. Салымдар мен дебиторлық берешек және өтелуінің тіркелген құны бар және Схема міндеттемелеріне сәйкестендіру үшін сатып алынған бағалы қағаздар «амортизацияланған құн бойынша бағаланатын» санатқа жіктеледі.

ҚЕС-ке сәйкес аталған санаттар арасында қаржы активтерін қайта жіктеу кез келген уақытта жүзеге асырылады.

ҚЕС-ке сәйкес амортизациялық құны бойынша есептелінетін қаржы активтері тікелей осы санаттан сатылуы мүмкін.

Тану

Қаржы активтері мен міндеттемелері таза зейнетақы активтері туралы есепте Схема көрсетілген қаржы құралдары мәні болып табылатын шарттық қатынасқа түсken кезде көрсетіледі. Қаржы активтері мәміле жасалған күндегі қаржы есептілігінде танылды.

Бағалау

Қаржы активі немесе міндеттемесі бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады. Өзгерістері пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активі немесе міндеттемесі болған жағдайда, бұл қаржы активі немесе міндеттеме бастапқыда әділ құны бойынша бағаланады, оған қаржы активін немесе міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей қатысты мәмілелер бойынша шығындар қосылады.

Активтер болып табылатын туынды қаржы құралдарын қоса алғанда, қаржы активтері бастапқы танылғаннан кейін:

- салымдар, дебиторлық берешек және амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, сату немесе өзге де шығару нәтижесінде келтірілуі мүмкін мәмілелер бойынша қандай да болмасын шығынды шегермesten олардың әділ құны бойынша бағаланады.

Өзгерістері кезең ішінде пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді және әділ құн бойынша көрсетілген қаржы активінің аударымы тануды тоқтату критерийлеріне жауап бермегендеге туындастын қаржылық міндеттемелерді қоспағанда, барлық қаржылық міндеттемелер амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)

Амортизацияланған құн

Қаржы активінің немесе міндеттемесінің амортизацияланған құны тиімді сыйақы мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып, айқындалған бастапқы тану құны мен өтеу кезіндегі құн арасындағы айырманың жинақталған амортизациясының шамасына түзетілген берешектің негізі сомасының төлемдерін шегерे отырып, сондай-ақ құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, қаржы активін немесе міндеттемесін бастапқы тану кезінде бағалаған құнды білдіреді. Сыйлышқақылардың және дисконттардың шамасы, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығындар сомасы тиісті құралдың баланстық құнына кіреді және атальған құралдың тиімді сыйақы мөлшерлемесіне қарай амортизацияланады.

Әділ құн бойынша бағалау қағидаты

Әділ құн активті сатқан кезде алынуы немесе көрсетілген құні негізгі нарықта немесе ол болмаған жағдайда, Схема кіре алатын анағұрлым пайдалырақ нарықта бағалау құні нарық қатысушылары арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операциялар жағдайында міндеттемелерді берген кезде төленуі мүмкін бағаны білдіреді. Міндеттеменің әділ құны оның орындалмау тәуекелін көрсетеді.

Бұдан былайғы бағалауда өзгерістері кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны Бағалау қағидасына сәйкес анықталады. Сонымен қатар Бағалау қағидасы амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнын анықтау үшін қолданылады.

Қазақстан Республикасының резиденттері-ұйымдардың өтімділіктің бірінші топтағы жай және артықшылықты акцияларын бағалау сауда-саттықты ұйымдастыруышының сауда жүйесіндегі алдыңғы сауда күнін жабу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы резиденттері-ұйымдарының және бейрезиденттері-ұйымдарының Фаламдық депозитарлық қолхаттарын (бұдан әрі – «ФДҚ») бағалау Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйесінің деректері бойынша алдыңғы сауда күнін жабу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңындағы жағдай бойынша апта сайын жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында да, халықаралық (шетелдік) нарықтарда да айналыста болатын (саудаланатын), «әділ құны бойынша бағаланатындар» санатына жатқызылған борыштық бағалы қағаздарды бағалау Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйелерінің деректері бойынша алдыңғы сауда күнінің жабу бағасы бойынша аптаның бірінші жұмыс күнінің соңында апта сайын жүзеге асырылады.

Өтімді болып танылмайтын Қазақстан Республикасы резиденттері-ұйымдарының акцияларын («ФДҚ»), Қазақстан Республикасында аумағындаған айналыста болатын (саудаланатын), оның ішінде Bloomberg немесе Reuters ақпараттық-талдау жүйесінде немесе Қазақстан қор биржасында баға белгілеу туралы ақпарат жоқ борыштық бағалы қағаздарды, құрлымыңқ ноттарды бағалауды «Қазақстан Республикасында бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасында 2000 жылғы 30 қарашадағы Занына сәйкес бағалаушы жылына кемінде екі рет жүргізеді.

Кейіннен бағалау кезінде туындастын пайда және шығын

Әділ құн бойынша бағаланатындар санатына жіктелетін қаржы құралы бойынша пайда немесе шығын пайда немесе шығын туралы есепте пайда немесе шығын арқылы көрсетіледі.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы

Зейнетақы Схемасының активтері

**2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілікке ескертүлер (жалғасы)
(Қазақстандық мың теңгемен)**

Амортизацияланған құн бойынша көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелері бойынша пайда немесе шығын қаржы активін немесе міндеттемені тану немесе олардың құнсыздануы тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ тиісті амортизацияны есептеу барысында пайда немесе шығын есебінде көрсетіледі.

Тануды тоқтату

Схема қаржы активін тануды осы қаржы активі бойынша ақша қарражаты ағынына шартта көзделген құқықтан айырылған сәтте не ол қаржы активін осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер және пайдалар іс жүзінде басқа тараپқа берілетін мәмілені жүзеге асыру нәтижесінде берген немесе Схема осы қаржы активін меншіктеу құқығына байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың айтартылғатай бөлігін өткізбеген және сол сияқты сақтамаған, бірақ қаржы активін бақылауды сақтамаған кезде тоқтатады. Тануды тоқтатуға арналған талаптар сақталатын, өткізілетін қаржы активтеріндегі Схема құрған немесе ол үшін сақталған кез келген қатысу үлесі таза зейнетақы активтері есебінде бөлек актив немесе міндеттеме ретінде танылады. Схема қаржылық міндеттемелерді тануды ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күшін жойған немесе тоқтатылған кезде тоқтатады.

Схема әділ құн құнсыздану немесе баға кесу нәтижесінде бағалы қағаз құны нөлге тең деп таныған күннен бастап 180 күн өткен соң активтерді есептен шығарады.

Кері «РЕПО» мәмілесі бойынша дебиторлық берешек

Кері сату (кері «репо» мәмілесі) міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер аясында сатып алған бағалы қағаздар «кері репо» мәмілелері бойынша дебиторлық берешек» бабында көрсетіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасының арасындағы айырмашылық пайыздық табысты білдіреді және «кері репо» мәмілесі қолданылатын кезең үшін есептеледі.

Шетелдік ұйымдардың инвестициялық басқаруындағы активтер

2018 жылғы 6 мамырдағы, 2019 жылғы 30 қаңтардағы, 2019 жылғы 7 қарашадағы шарттарға сәйкес ҚРҰБ басқа тұлғаға («басқарушы») инвестициялық басқаруға берген зейнетақы активтерін есепке алу Схеманың есепке алу жүйесінде әр шетелдік басқарушы бойынша жалпы сомада Схеманың шетелдік кастодианының есептері негізінде әр қаржы құралының бөлігінде талданбай жүзеге асырылады.

Зейнетақы активтері құнының өзгеруі пайда және шығын туралы есепте шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы активтер бойынша пайда/шығын ретінде көрсетіледі.

Шетелдік ұйымның инвестициялық басқаруындағы қаржылық активтерді қайта бағалау айна кемінде 1 (бір) рет жүзеге асырылады.

Түйнды қаржы құралдары

Түйнды құралдар «своп» мәмілелерін, форвард келісім шарттарын және фьючерс мәмілелерін, «спот» мәмілелерін және пайыздық мөлшерлемелерге опциандарды, шетелдік валютаны, бағалы металдар мен бағалы қағаздарды, сондай-ақ жоғарыда аталған құралдардың кез келген комбинациясын қамтиды.

